

Мәслихаттың 2015 жылғы 23 шілдедегі № 333 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 365 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қаңтарда № 6141 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Амангелді аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2015 жылғы 23 шілдедегі № 333 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5802 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 тамызда "Аманкелді арайы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі - кемтар балалар) үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) жеке оқыту жоспары бойынша ай сайын алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ө н д і р і л с і н . " ;

көрсетілген шешімнің 2-тармағы 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

ө т і н і ш ;

көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат; тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы); психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы; мүгедектігі туралы анықтама;

банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат; мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға

қ а й т а р ы л а д ы ; " .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратады.

К е з е к т і о н ж е т і н ш і

сессия төрағасы Е. Давлетов

А у д а н д ы қ

МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ Ә. Саматов

КЕЛІСІЛДІ

"Амангелді ауданы әкімдігінің жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
басшысының міндетін атқарушы
А. Ибраев

2015 ЖЫЛҒЫ 23 ЖЕЛТОКСАН